

«Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы
Басқарма төрағасының (Бас директорының)
2024 жылғы «28» 02
№ 30 -ЦІ бұйрығымен бекітілген
темір жол көлігімен тасымалдау кезінде жарнама
агенттіктерінің «Жолаушылар тасымалы»
акционерлік қоғамының жолаушылар
пойыздарына, вагондарына өздерінің және үшінші
бір тұлғалардың жарнамаларын орналастыру
арқылы жолаушыларды ақпаратпен қамтамасыз
ету, бос уақытын ұйымдастыру қызметін көрсету
жөнінде ашық конкурс өткізу ережесінің
№1 қосымшасы

Қызмет көрсетуге арналған типтік шарт

_____ қ. «___» _____ 20__ жыл

Бұдан әрі «1-тарап» деп аталатын «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы
(бұдан әрі – қоғам) атынан №_____ сенімхат негізінде әрекет ететін Бас директордың
маркетинг және сервис жөніндегі орынбасары _____ бір тараптан және бұдан әрі «2-
тарап» деп аталатын _____

(конкурс жеңімпазының деректемелері)

атынан _____ негізінде әрекет ететін Бас директор _____ (ТАӘ)
екінші тараптан және бірлесе «Тараптар» деп аталатындар қорытындылар туралы _____
№_____ хаттама негізінде темір жол көлігімен тасымалдау кезінде жарнама агенттіктерінің
«Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының жолаушылар пойыздарына, вагондарына
өздерінің және үшінші бір тұлғалардың жарнамаларын орналастыру арқылы жолаушыларды
ақпаратпен қамтамасыз ету, бос уақытын ұйымдастыру қызметін көрсету жөніндегі осы шарт
(бұдан әрі – шарт) төмендегілер жөнінде жасасты.

1. Шарттың мәні

1. 1-тарап 2-тарапқа қоғам вагондарын (бұдан әрі – объект) темір жол көлігімен
тасымалдау кезінде жарнама агенттіктерінің «Жолаушылар тасымалы» акционерлік
қоғамының жолаушылар пойыздарына, вагондарына өздерінің және үшінші бір тұлғалардың
жарнамаларын орналастыру арқылы жолаушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету, бос уақытын
ұйымдастыру қызметін (бұдан әрі – қызмет) көрсету үшін беруге, ал 2-тарап объектіні
қабылдап алуға және 2-тарапқа көрсетілген қызмет ақысын уақытылы осы шарттың №1
қосымшасында көрсетілген шартпен және сомада төлеуге міндеттенеді.

2. Объект 1-тарапқа меншік құқығы ретінде немесе өзге де заңды негізде тиесілі.

3. 1-тарап қызмет көрсету үшін объектіні пайдалануға келісім береді.

4. 2-тараптың қызметті көрсету мерзімі:

4.1. қызмет көрсету басталатын күн: «___» _____ 202__ жыл;

4.2. қызмет көрсету аяқталатын күн: «___» _____ 202__ жылдарды қоса алғанда.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5. 1-тарап мынаған міндетті:

Handwritten signature

5.1. шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде 2-тарапқа қоғамның жолаушылар пойыздарына, вагондарына жарнама орналастыру үшін объектіге еркін қол жеткізуіне мүмкіндік беруге міндетті;

5.2. объектіні пайдалану кезінде 2-тараптың кінәсінен материалдық залал келтірілген жағдайда 2-тараптың немесе оның өкілеттігі сенімхатпен расталған өкілдерінің қатысуымен «материалдық залал келтірілгені туралы акт» жасауға міндетті;

5.3. 2-тарапты жоспарлы жөндеу кезіндегі және жолаушылар вагондары қатынасындағы барлық өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті;

5.4. жолаушылар вагоны басқа филиалға уақытша ауыстырылған жағдайда, вагонның басқа филиалда жүретін күндеріне тең күндерді ақысыз негізде беруге міндетті.

6. 1-тараптың құқығы:

6.1. 2-тарап осы шартта көзделген міндеттемелердің кез келгенін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, өз шешімі бойынша кез келген заңды тәсілмен 2-тараптың тиісті бұзушылық жойылған сәтке дейін объектіге кіруін шектеуге құқылы. Бұл ретте, 1-тараптың осы тармақта көзделген 2-тараптың объектіге кіруіне шектеу қоюы 2-тарапты қызмет ақысын төлеу міндетінен босатпайды;

6.2. жолаушылар пойыздарында мультимедиялық ойын-сауық порталында жарнама орналастыруға рұқсат беру;

6.3. 2-тарапқа тексеру жүргізуі үшін рұқсат беру.

7. 2-тарап мынаған міндетті:

7.1. қызметті осы шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 508-ІІ Заңының талаптарына сәйкес көрсетуге;

7.2. жарнамаларды орналастыру кезінде санитарлық-эпидемиологиялық, өртке қарсы, терроризмге қарсы және 1-тараптың жергілікті актілерінде және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген өзге де ережелерді сақтауға;

7.3. осы шарттың 3-бөлімінің талаптарына сәйкес қызметке ақысын төлеуге;

7.4. объектіні пайдалану кезінде 1-тарапқа материалдық залал келтірілген жағдайда «Материалдық залал келтіру туралы» актісіне сәйкес келтірілген материалдық залалды толығымен өтеуге немесе оны 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өз күшімен, өз есебінен жоюға міндетті;

7.5. осы шарт бұзылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде объектіні бастапқы қалпына келтіруге;

7.6. 1-Тараптың қызметіне байланысты кез келген ақпараттық және жарнамалық материалдарын өтеусіз негізде орналастыруға;

7.7. 1-тарапқа кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын күні, уақыты және тексерушінің толық аты-жөні көрсетілген жазбаша хабарлама жіберу арқылы аудит жүргізілетіні туралы хабарлауға;

7.8. осы шарттың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ шарт бойынша сатудан түскен соңғы кірісті алған күннен бастап 5 жыл өткен соң міндетті салық салу қағидатын сақтауға, Қазақстан Республикасының салық заңнамасы талаптарын тиісті түрде сақтауға;

7.9. өз контрагенттерінің басқа да шарттар, мәмілелер бойынша міндетті салық салу қағидатын 5-деңгейге дейін сақтауын, осы шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ шарт бойынша сатудан түскен соңғы кірісті алған күннен бастап 5 жыл өткен соң да Қазақстан Республикасының салық заңнамасы талаптарын тиісті түрде орындауын қамтамасыз етуге;

7.10. 1-тарап жасасатын шарттарға 2-тарап контрагентінің оның және 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің міндетті салық салу қағидатын сақтауы және осы шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ шарт бойынша сатудан түскен соңғы кірісті алған күннен бастап 5 жыл өткен соң да Қазақстан Республикасының салық заңнамасы талаптарын тиісті түрде орындауы жөніндегі міндеттемелерге қатысты талаптар енгізуге міндетті.

7.11. Қызметкерлерді әлеуметтік тұрғыдан қолдау мақсатында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚмен, «ҚТЖ» ҰК» АҚмен және оның еншілес ұйымдарымен жасалған шарт қатынастары бар 1 (бір) компаниядан аспайтын компанияның ақпарат және жарнама материалдарын 1 (бір) айдан аспайтын мерзімде ақысыз негізде (тегін) орналастыруға міндетті;

7.12. промоакцияны өткізу кезінде 1-тарапқа 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын промоакцияны өткізу мәнінің атауы, маршруттар тізбесі мен оны өткізу кезеңі көрсетілген өтінім жіберуге міндетті.

8. 2-тарап мыналарға құқылы:

8.1. 1-тараптан осы шарт бойынша қызмет көрсетуге қажетті ақпарат сұратуға құқылы;

8.2. жолаушылар пойыздарының мультимедиялық ойын-сауық порталына жарнама орналастырылатын жағдайда, 1-тараппен жасалған шарт негізінде жолаушылар пойыздарының мультимедиялық ойын-сауық порталында ақпарат қызметін көрсететін 1-тараппен және компаниямен шарт жасасуға құқылы;

3. Есеп айырысу тәртібі

9. 2-тарап көрсетілген қызметтер ақысын тараптар орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілеріне қол қойған және 1-тарап 2-тарапқа электронды шот-фактураны нақты ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде 1-тараптың есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы төлейді.

10. Бір айдың қызмет құны:

- №1 қосымшаға сәйкес өтетін промоакциялардан басқа жарнама материалдары пойыз құрамындағы әр вагонға нақты орналастырылған кезде,

- промоакцияны өткізу кезінде ҚҚС есептегенде _____ теңге мөлшеріндегі қызмет құны 1-тарап келесі есеп беретін айдың 10-на дейін 2-тарапқа берген «Пойыз мониторингі» АЖО есебінің негізінде тасымалданған әр жолаушыға есептеледі.

11. Төлем валютасы: теңге.

4. Қызмет көрсету кезінде қойылатын талаптар

12. 2-тарап жариялайтын ақпарат Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы №508-ІІ Заңының талаптарына сәйкес келуі тиіс және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Компания) имиджіне, құндылықтарына, миссиясына қайшы келмеуі тиіс.

13. 2-тарап ақпаратты 1-тараптың объектісіндегі тек 1-тараппен келісілген орындарда ғана Қазақстан Республикасының жарнама саласындағы заңнамасы шеңберінде орналастырады.

14. Бұл ретте: жарнама материалдары болып саналады:

– **баспасөз жарнамасы** (өнімдер каталогтары, плакаттар, парақшалар, ашық хаттар, күнтізбелер, планшеттер, брошюралар, визит карточкалары, журналдар, стикерлер, плакаттар, флайерлер, буклеттер, стикерлер, өздігінен жабысатын қағаздар, контурлы кеспе жапсырмасы, кружкалар, қасықтар);

– **кәдесыйлар жарнамасы** (жарнамасы бар кітапшалар, фирмалық мәтіні бар күнтізбелер, лого және жарнамалық жазулары бар автоқаламдар, фирмалық белгішелер, жалаушалар, қалта күнтізбелері, жарнама бюварлары, жарнамасы бар папкалар, сызғыштар, кітап бетбелгілері, термометрлер, оттықтар, кілттерге арналған салпыншақтар және т.б.);

– **бейне жарнама** (техникалық мүмкіндік болған жағдайда);

– **аудио жарнама** (техникалық мүмкіндік болған жағдайда);

– **промоакциялар** (лифлетинг «баспа материалдарын тарату», бағаны төмендету, көрме, семплинг «сынама/өнім үлгісі», дәмін айыру, тестілеу, сатып алғаны үшін сыйлық).

15. Жапсырмаларды 2-тараптың өзі 1-тараптың объектісіне зақым келтірмей, вагон ішіне (купе, өтпе жолдар, терезе аралық кеңістіктер, тамбурлар) орналастырып, жипап алады.

16. Барлық жапсырмалар оңай алынып, вагонның ішін бүлдірмеуі тиіс.

17. Жапсырмаларды ауыстыру жұмыстары 2-тараптың қажеттілігіне қарай, бірақ осы шарттың қолданылу мерзімі ішінде 1-тараппен келісілген және бекітілген жарнама материалдарын ауыстыру/жаңарту кестесіне (бұдан әрі – кесте) сәйкес айына 2 (екі) рет жүргізіледі. Кез келген толықтырулар мен өзгерістер кестеге 1-тараптың келісімі бойынша ғана енгізіледі.

18. Объектіге 2-тарап орналастыратын ақпарат 1-тарап белгілеген негізгі ақпаратқа кедергі келтірмеуі (көлегейлемей, жауып тұрмауы, тосқауыл болмауы) тиіс.

5. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды қарау тәртібі

19. Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін осы шартқа сәйкес жауапты баллады. Тараптардың осы шартта реттелмеген жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

20. 1-тарап объектінің осы шартты жасасу кезінде айтылған, 2-тарапқа алдын ала белгілі болған немесе 2-тарап осы шартты жасасу және (немесе) объектіні беру кезінде объектіні қарау кезінде анықтауы тиіс болатын кемшіліктері үшін жауап бермейді.

21. Қызмет ақысын төлеу мерзімі кешіктірілген жағдайда, 2-тарап 1-тарапқа мерзімі өткен әр күн үшін берешек сомасының 0,5% (оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімақы төлейді, бірақ ол айына шарт сомасының 1%-нан аспауы тиіс.

22. 2-тарап мыналарға дербес жауапты болады:

1) шетелдік азаматтарды және/немесе азаматтығы жоқ адамдарды еңбекке заңсыз тартуға байланысты болған бұзушылықтар үшін;

2) жарнаманы объектіге орналастыруға байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы мен жергілікті атқарушы органдардың, оның ішінде 1-тараптың аумағындағы шаруашылық қызметінің дұрыс жүзеге асырылуын бақылайтын органдар өндіріп алатын айыппұлдар жөніндегі құқықтық актілерін сақтамағаны үшін.

23. Мұндай бұзушылықтар анықталған және 1-тарапқа және/немесе 1-тараптың лауазымды тұлғаларына үшінші бір тұлғалар немесе мемлекеттік органдар тарапынан 2-тараптың кінәсінен туындаған бұзушылықтар үшін айыппұл санкциялары салынған жағдайда, соңғы аталған тарап айыппұл санкциялары сомасын өтеуге, осы бұзушылықтарды өз есебінен жоюға, сондай-ақ 1-тарапқа уәкілетті мемлекеттік органдар 2-тараптың қолданыстағы заңнама талаптарын бұзуына байланысты 2-тарапқа қатысты қабылдаған әкімшілік және өзге де шараларға байланысты болған барлық залалдарды өтеуге міндетті.

24. Объектіні пайдалану кезінде бұзушылықтар анықталған және терроризмге қарсы, өрт қауіпсіздігі, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық, көші-қон заңнамасы, еңбекті қорғау саласындағы, сондай-ақ құрылыс нормалары мен ережелерін, техникалық регламенттерді сақтау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысты іс қозғалған жағдайда, Қазақстан Республикасының әкімшілік-құқық бұзушылық туралы кодексінің мәні бойынша 1-тарап көрсетілген нормаларды бұзған кінәлі тұлға болып табылады. Аталған салаларда бұзушылықтарға жол берілуден жағымсыз салдарлардың туындау қаупі, оның ішінде әкімшілік жауапкершілікке тарту мәселесі 1-тарапқа жүктеледі.

25. Осы шартта белгіленген санкцияларды төленуі тараптарды шартта көзделген міндеттемелерді орындауынан босатпайды.

26. Осы шартта көрсетілген айыппұл санкцияларын төлеу міндеттемесі, егер шарттың ережелерінде өзгеше көзделмесе, кінәлі тараптың атына жазбаша шағым жіберілген жағдайда ғана туындайды.

27. Осы бөлімде көзделген айыппұл санкцияларын төлеу міндеттемесін бұзушылыққа жол берген тарап екінші тараптың тиісті талабын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей орындауы тиіс.

28. Тараптар осы шарттың 24-тармағында көрсетілген бұзушылық фактілері 1-тараптың қолында анықталған бұзушылық фактісін растайтын фотосурет және/немесе бейнематериал болған кезде ғана жеткілікті деңгейде дәлелденген болып есептелетінін ерекше атап өтті;

29. 2-тарап өзінің және (немесе) оның 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің осы шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ 1-тарап осы шарттың шеңберінде сатудан түскен кірісті алған күннен 5 жыл өткен соң да уәкілетті органдар 1-тараптың салық мәселесін бақылау нәтижелері бойынша анықтаған салық заңнамасының талаптарын бұзғаны және мынадай оқиғаларға, яғни:

- 1-тарапқа корпоративтік табыс салығын (КТС) және (немесе) қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ осы салықтар бойынша өсімпұлдар, айыппұлдар қосымша есептеуге,

- 1-тарапқа ауысатын КТС салығы мен (немесе) ҚҚС бойынша дебет сальдосы шығындарын азайтуға,

- 1-тараптың қайтарылуы тиіс қосылған құн салығының мөлшерінен асып кеткенін растамауына,

- 1-тараптың бюджеттен бұрын қайтарылған ҚҚС-тің асып кеткен сомасын бюджетке төлеуіне әкеп соқтырған бұзушылықтар үшін жакапты болады.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлар туындағанда, 2-тарап 1-тарапқа:

- жоғарыда көрсетілген салықтар бойынша қосымша есептелген соманы, сондай-ақ осы салықтарға қатысты өсімпұлдар, айыппұлдар сомасын,

- азайтылған салық шығындары сомасының 20%,

- ҚҚС асып кетуінен болған расталмаған соманы,

- бұрын бюджеттен қайтарылған, бюджетке төленген ҚҚС асып кеткен сомасын өтеуге міндеттенеді.

1-тараптың және (немесе) оның 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің: заңды мекен-жайының болмауы, ЭСФ жазып беру бойынша шектеулердің болуы, салыққа қатысты берешегінің болуы сияқты, жалған кәсіпорындар деп танылған, банкрот деп танылған, әрекетсіз деп танылған, тіркеу рәсімдері жарамсыз деп танылған, қайта құру кезінде заңнама нормаларын бұзған және (немесе) сенімсіз салық төлеушінің басқа да белгілеріне сәйкес келетін және (немесе) салық заңнамасын бұзушылықтардың өзге де түріне әкеп соғатын сияқты (осыларды қоса алғандағы, бірақ олармен шектелмейтін) фактілер салық заңнамасын бұзатын критерийлер болып табылады,

6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

30. Тараптар осы шарт бойынша өз міндеттерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер өз міндеттерін табиғи апат, әскери іс-қимылдар, ереуілдер, мемлекеттік органдардың актілері және т.б. сияқты еңсерілмейтін күш салдарынан орындай алмайтын болса және ол шарт бойынша міндеттемелерін орындауына тікелей әсер етіп, тараптар мұндай әсерлерге тосқауыл бола алмай, осындай орын алған жағдайда күтілуі мүмкін барлық тиісті шараларды қабылдап, әрекет жасаған болса ғана жауапты болмайды.

31. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, осы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары созылатын уақытқа пропорционал мерзімге ұзартылады.

32. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтеме жасайтын тарап осындай мән-жайлар басталған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде екінші тарапты олардың басталғаны туралы жазбаша түрде хабардар етуге және уәкілетті орган берген растайтын құжаттарды жіберуге міндетті.

И.С.С.

33. Тараптар жоғарыда аталған шарттар сақталмаған жағдайда, ешқандай да мән-жайлар еңсерілмейтін күш мән-жайлары ретінде қаралмайды және тараптардың шарт бойынша міндеттемелері мойынан қандай да бір жолмен алынбайды немесе шектелмейді деп келісті.

34. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекеті аяқталғаннан кейін еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған тарап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде шарт бойынша міндеттемелерді орындау болжанып отырған мерзімді көрсетіп, осындай мән-жайлар әрекетінің тоқтағаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

35. Егер осындай мән-жайлар 60 (алпыс) күнтізбелік күннен астам жалғасатын болса, онда тараптардың әрқайсысы шарт бұзылатын болжамды күнге дейін 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын екінші тарапқа шарттың бұзылатыны туралы алдын ала жазбаша хабар беріп, осы шартты бұзуға құқылы. Бұл жағдайда, тараптар шарт бұзылған күнге дейін объектінің 1-тараптың пайдалануында болған нақты күндерге есеп айырысады.

7. Шартты бұзу

36. Шарт тараптардың келісімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда немесе тараптардың біреуінің бастама ету бойынша бір жақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

37. 1-тараптың талабы бойынша шартты бұзуға мынадай жағдайларда жол беріледі:

1) егер 2-тарап объектіні осы шарттың талаптарын бұза отырып пайдаланса;

2) егер 2-тарап объектінің жай-күйін қасақана немесе абайсызда нашарлатса;

3) егер 2-тарап 1-тарапқа қызмет ақысын есеп айырысатын айдың алдындағы айдың соңына дейін төлемесе;

38. 2-тарап мына жағдайларда шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы:

1) Егер 1-тарап 2-тарапқа объектіні пайдалануға беру мерзімін шартқа қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен артық кешіктірсе не оны шарттың талаптарына сәйкес пайдалануға кедергі келтірсе;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

39. Шарт бір жақты бұзылған жағдайда, шартты бұзуға бастама еткен тарап екінші тарапқа шартты бұзу болжанған күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жазбаша хабарлауға міндетті, ол күндер аяқталған соң шарт бұзылды деп есептеледі.

40. Шарт 2-тараптың бастама етуі бойынша мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, соңғы айталған тарап шарт бойынша қызмет көрсеткені үшін 3 (үш) айлық төлем мөлшерінде айыппұл төлейді.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

41. 1-тарап екінші тарапты қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының (бұдан әрі – саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Екінші тарап шарт жасасу арқылы 1-тараптың саясатымен танысқанын растайды. Тараптар шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын өздері сақтауға және өз қызметкерлерінің сақтауларын қамтамасыз етуге, сондай-ақ шарттың мақсатына қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлыққа тән құқық бұзушылықтар жасамауға міндеттенеді.

42. Қазақстан Республикасының немесе өзі келген елдің және/немесе тараптар бизнес жүргізетін елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлыққа тән құқық бұзушылықтар) сәйкес пара беру не алу кезінде жасалатын қасақана іс-әрекеттер, коммерциялық пара беру немесе тараптар қызметкерінің ақша, құнды заттар, сыйлық және мүлік, жеке немесе моральдық сипаттағы өзге де мүлік немесе қызмет түрінде

пайда алуы мақсатында өз қызмет бабын тараптардың заңды мүддесіне қайшы келетіндей заңсыз пайдалануы, өзі үшін немесе үшінші бір тұлғалар үшін басқа бір мүлік құқығын иеленуі, аталған адамға басқа бір жеке тұлғалардың мұндай пайданы заңсыз беруі және өзге де мүлік игілігі мен басымдығын иелену сияқты әрекеттер шарт мақсатын орындау үшін сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтарға жатады.

43. Тарапта сыбайлас жемқорлыққа тән құқық бұзушылық орын алды немесе орын алуы мүмкін деген негізделген болжам туындаған жағдайда (екінші тарап қызметкерінің (қызметкерлерінің) сыбайлас жемқорлыққа тән қылмыс жасауына байланысты қылмыстық іс қозғалғаны туралы ақпарат немесе сыбайлас жемқорлыққа тән құқық бұзушылықтар туралы өзге де нақты ақпарат алған кезде) мұндай тарап бұл туралы екінші тарапқа тиісті фактілерді көрсете отырып жазбаша хабарлауға (бұдан әрі – хабарлама) міндеттенеді және екінші тараптан сыбайлас жемқорлыққа тән құқық бұзушылықтың орын алмағаны немесе орын алуы мүмкін еместігі жөнінде растау алғанға дейін шарт міндеттемелерін орындамауға құқылы. Аталған растау хат екінші тарап хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде берілуі тиіс.

44. 2-тарап сыбайлас жемқорлыққа тән құқық бұзушылықтың жасалғаны туралы анық ақпарат алған кезде және осы баптың ережелері сақталған жағдайда, екінші тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, шартты толық немесе ішінара орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартуға, сондай-ақ екінші тараптан шарттың бұзылуынан болған залалдардың орнын толтыруын талап етуге құқылы.

9. Құпиялылық

45. Осы шарт бойынша тараптар беретін және/немесе пайдаланатын барлық құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және тараптардың, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, бұл ақпаратты екінші тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші бір тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

46. 2-тарап 1-тараптың «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамына шарттағы ақпараттың барлығын және онымен шектелмейтін ақпаратты, яғни банк-контрагенттердің өздері қызмет көрсететін 2-тарапқа «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының ақпаратталдау жүйесіне деректер жіберілетін қорғалған арна арқылы байланыс арналарының қажетті хаттамаларын пайдалана отырып үзінді көшірме жіберу арқылы төлем реквизиттері мен шарттары туралы ақпаратты жария етуге құқығы барына келіседі,

47. Осы бөлім сотта шарттың мәніне қатысты мәселелер, олардың практикалық тұрғыдан шешілу мүддесіне қатысты мәселелер немесе мұндай жария етушілік Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған немесе ол уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша іске асырылған жағдайлар қаралған жағдайларға қолданылмайды.

10. Санкциялық ескерту

48. Тараптар осы шартты контрагенттің кепілдіктері негізінде жасайды және оларға адал сенім артады. Контрагент мынаған кепілдік береді:

(а) контрагент те, оның аффилирленген тұлғалары да, алушы тараптың барлық акционерлері де Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN санкциялар тізіміне (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөліп көрсетілген азаматтар мен бұғатталған тұлғалар тізіміне), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шот немесе толассыз төлем жасалатын шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған не бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізіміне), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын SDN-ға негізделмеген санкциялар тізіміне),

сондай-ақ экстерриториялық әсері бар кез келген басқа да санкциялар тізіміне енгізілмегендігіне,

(b) шартты жасасу және/немесе оны контрагенттің орындауы осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкциялардың бұзылуына әкеп соқпайтындығына,

(c) контрагенттің осы шарт бойынша төлем жүргізу үшін пайдаланатын, оның ішінде меншікті және корреспонденттік шоттары алушы тарап шарт бойынша тиісті міндеттемесін орындауға міндетті болған күні және осы шартқа сәйкес ол нақты орындалған күнге дейін Еуроодақтың (EO) қаржылық санкциялары салынып, активтерін тоқтатып қоюға режим қойылған объектілері болып табылатын жеке тұлғалар, топтар мен ұйымдардың жиынтық тізіміне (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы қаржылық санкцияларды іске асыратын басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізіміне (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және/немесе SDN санкциялар тізіміне (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөліп көрсетілген азаматтар мен бұғатталған тұлғалар тізіміне), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шот немесе толассыз төлем жасалатын шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған не бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізіміне), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын SDN-ға негізделмеген санкциялар тізіміне) енгізілмеген банктерде немесе қаржылық мекемелерде екендігіне,

(d) осы шартқа контрагенттің атынан қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN санкциялар тізіміне (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөліп көрсетілген азаматтар мен бұғатталған тұлғалар тізіміне), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шот немесе толассыз төлем жасалатын шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған не бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізіміне), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын SDN-ға негізделмеген санкциялар тізіміне), сондай-ақ экстерриториялық әсері бар кез келген басқа да санкциялар тізіміне енгізілмегендігіне кепілдік береді.

49. Егер контрагент берген қандай да бір кепілдік жалған, анық және (немесе) дәл болмаса, онда алушы тарап екінші тарапқа өзінің (алушы тараптың) осындай анық немесе дұрыс емес дәйексіз кепілдігіне байланысты болған немесе оның нәтижесінде туындаған, құжатпен расталған тікелей шығындарды екінші тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей өтеуге міндетті. Бұл ретте, сатып алушы осы шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.

50. Егер шарт жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа санкциялар актісі қабылданса немесе қолданыстағы қандай да бір санкциялар актісіне өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданыстағы санкциялар актісінің қолданылу аясы кеңейетін болса немесе басқаша болып өзгерсе (бұдан әрі – жаңа санкциялар), онда мұндай жаңа санкциялар:

(a) тараптардың тиісті де негізделген қорытындысына сәйкес басқа тараптың осы шарттағы өз міндеттемелерін орындай алмайтындай етуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін;

(b) мұндай Тараптың қаржыландыру көздеріне ұзақ уақыт бойы қол жеткізе алмауына және (немесе) тарап үшін тікелей және/немесе жанама болып табылатын шығындарға (олардың орынды қорытындысы бойынша) алып келеді немесе алып келуі мүмкін;

(c) бұзушылыққа немесе өнімді жеткізу/қызметті көрсету процесін тоқтатуға әкелуі мүмкін;

(d) қандай да бір тараптың маңызды кредит шарттарында қамтылған, қандай да бір тараптың жаңа санкцияларға байланысты сақтау мүмкін емес немесе айтарлықтай күрделі (қиын) болып табылатын міндеттемелерінің (ковенанттарының) бұзылуына әкеп соғады;

(e) мұндай тараптың кредит рейтингісінің төмендеуіне әкеп соқтырады немесе мұндай төмендеу деңгейін тиісті рейтинг агенттігі жазбаша түрде растау мүмкін (бірге – «жаңа санкциялар салдары»), мұндай тарап бұл туралы жаңа санкциялар қабылданған сәттен бастап _____ күн ішінде екінші тарапқа дереу жазбаша түрде, ресми түрде расталған құжаттарымен бірге және оған осы санкциялардың қалай әсер ететіні туралы хабарлауға міндеттенеді (осы бапта көзделген әр хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады).

51. Тараптар санкциялар туралы хабарламаны алған күннен бастап _____ күннен кешіктірмей жаңа санкциялардың тараптардың осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тигізетін әсеріне қатысты өз ұстанымдарын әділ талқылап, келісу үшін, сондай-ақ жаңа санкциялардың осындай теріс әсерінің алдын алу немесе төмендету мүмкіндігіне қатысты қабылдануы мүмкін заңды да тиімді шаралар туралы, сондай-ақ осы шартқа өзгерістер енгізу, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алу жөнінде кездесу(лер)/келіссөздер (бұдан әрі – әділ келіссөздер) жүргізеді.

52. Тараптар жүргізілген адал келіссөздер нәтижесінде өзара тиімді шешімге қол жеткізген жағдайда, тараптар _____ күні ішінде өздері келіскен шараларды іске асыру үшін мақсатына сай күш-жігерін жұмсайды немесе өздері келіскен өзге де мерзім ішінде жаңа санкциялардың бұзылуына немесе тараптардың осы шартты орындауы кезінде оларды қолданбауына мүмкіндік беретін шараларды қабылдауы мүмкін.

53. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күнінен кейін [_____] өткен соң келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда, Тараптардың кез келгені кез келген уақытта жаңа санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты жаңа санкциялардың салдарына әкеп соққан жаңа санкциялар туындаған тарапқа («Тыйым салынған тарап») келісімге қол жеткізілмегені туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізілмегені туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда, тарап шартты бір жақты тәртіппен бұзуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама залалдардың орнын толтыруын талап етуге құқылы.

54. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелермен шектелмей, егер осы шарттағы кез келген төлемдердің АҚШ долларымен не (валютаны көрсету) төленуі ол сатып алушы үшін заңсыз, мүмкін емес немесе жаңа санкцияларға байланысты тараптардың өзара келісімі бойынша басқа да тәсілдермен тиімсіз болып табылады деп, ал 14.8. баптың ережесі тараптардың орынды пікірі бойынша балама валютамен төлем жасау мәселесі тараптарға жаңа санкциялар салдарын болдырмауға мүмкіндік беретін жағдайда ғана басымдықпен қолданылуы тиіс және де мұндай жағдайда 14.5. пен 14.6. тармақтарының ережелері басым тәртіппен қолданылмауы тиіс деп келісті.

55. Тараптар халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы шарттағы кез келген төлемдердің АҚШ долларымен не (валютаны көрсету) төленуі контрагент үшін заңсыз, мүмкін емес немесе тараптардың өзара келісімі бойынша басқа да тәсілдермен тиімсіз болып табылатын болса, онда сатып алушы бұл жөнінде сатушыны жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенетінін, тараптардың төлем жүргізілетін балама валюта (тараптармен келісілген валютаны көрсету) («балама валюта») мен осы төлемді алатын тараптың банк шотының деректемелерін жазбаша түрде бірге келісетінін, тараптар

төлемнің келісілген валютамен сәтті өтуі (төленуі) үшін бір-біріне барлық қажетті көмек көрсетуге міндеттенетінін растайды және келіседі.

56. Егер осы шартта өзгеше көрсетілмеген болса, егер осы шарттағы төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілетін қандай да бір сомалар (оның ішінде 14.8 тармақ қолданылған жағдайда) теңгемен, рубльмен немесе өзге де валютамен көрсетілген, есептелген немесе белгіленген болса, онда тараптар осы сомалар аталған төлемдерді немесе есеп айырысуларды АҚШ долларымен жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің тиісті төлем жүргізетін немесе есеп айырысатын күнгі (төлем жүргізу немесе есеп айырысу бекітілген күнгі) курсы бойынша АҚШ долларымен немесе егер Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі тиісті валюталардың курсы туралы ақпаратты өзінің интернет сайтына (www.nationalbank.kz) жарияламаған болса, онда _____ (басқа елдің балама ұлттық банкі көрсетіледі) тиісті төлем жүргізетін немесе есеп айырысатын күнгі (төлем жүргізу немесе есеп айырысу бекітілген күн) курсы бойынша қайта есептелетін болады деп келісті.

11. Қорытынды шарттар

57. Осы шарт тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және _____ дейін, ал өзара есеп айырысу бойынша тараптар шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін, ал 2-тараптың салық заңнамасынан анықталған бұзушылықтарына қатысты міндеттемелері мен жауапкершілігі бойынша (шарттың бұзылғанына қарамастан) шартты іске асыру бойынша соңғы кіріс/айналым есептелген/алынған күннен бастап 5 жыл өткен соң.

58. 2-тарап шарт мерзімі аяқталғаннан кейін басқа бір тұлғалармен жаңа мерзімге шарт жасасу басымдығына ие болады.

59. Тараптардың шарт бойынша құқықтары мен міндеттері 1-тараптың келісімі бойынша үшінші бір тұлғаларға берілуі мүмкін. Бұл ретте, 2-тарап тартылған үшінші бір тұлғалардың іс-әрекеті/әрекетсіздігі үшін өз іс-әрекеттері сияқты 1-тараптың алдында толық көлемде жауапты болады.

60. Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және олар жазбаша түрде жасалып, тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойып, мөрмен бекітілген жағдайда ғана жарамды болады.

61. Шарт бойынша талап етілетін немесе көзделген барлық хабарламалар мен басқа да хабарламалар жазбаша түрде жасалуы тиіс. Барлық хабарландырулар немесе хабарламалар, егер олар тараптардың шартта көрсетілген мекен-жайларына қолма-қол, пошта, факс, курьерлік пошта арқылы жеткізілсе, тиісті түрде берілді деп есептеледі.

62. Шарттың бұзылатыны туралы хабарлама тапсырысты хатпен жіберілуі тиіс. Көрсетілген хабарламаны жіберген тарапқа шарттың бұзылатыны туралы хабарламаны екінші тараптың алғаны туралы пошта хабарламасы табыс етілуі тиіс. Бұл ретте, шарт шарттың бұзылатыны туралы келісімде көрсетілген күннен бастап бұзылды деп есептеледі, бірақ ол шарттың бұзылатыны туралы хабарлама алынған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кеш болмауы тиіс.

63. Қазақстан Республикасының құқытары – шартқа қатысты қолданылатын құқықтар болып табылады.

64. Тараптар арасында шарт бойынша немесе оған қатысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер тараптар арасындағы келіссөздер арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес медиация жүргізу арқылы шешіледі.

65. Келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу және медиация рәсімін жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Астана қаласының сотында қаралуы тиіс.

66. Осы шарт тараптардың әрқайсысына бір-бір данадан, қазақша және орысша мәтін қамтылған екі тілді, екі түпнұсқа данада жасалды. Шарттың қазақша және орысша мәтіндері арасында әр түрлі болған жағдайда, орыс тіліндегі редакция басым күшке ие болады.

67. Шарт бұзылған кезде өзара есеп айырысу бойынша орындалмаған барлық міндеттемелер есеп айырысу рәсімі толық орындалғанға дейін қолданылады.

12. Тараптардың меке-нжайлары, деректемелері және қолдары

1-тарап	2-тарап
«Жолаушылар тасымалы» АҚ Мекен-жайы: Астана қ., Д. Қонаев к-сі, 6 ЖСК: KZ72 6010 1110 0000 3404 БИК: HSBKKZKX КБе: 16 «Қазақстан халық банкі» АҚ БСН: 020540000922	
<hr/> М.О.	

№1 қосымша
үлгі шартқа
қызмет көрсетуге

Маршруттар саны	пойыз №	Құрамы	Хабарландыру	Жүру күндері	1 құрамдағы вагондар саны	1 вагон үшін бастапқы базалық ставка	Айына қызметтің бастапқы бағасы